

АЛМАТЫДАҒЫ ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Қазақ елінің өсімдік әлемі жинақталған бірден-бір ғажайып жер, Алматының көруге таңсық көрікті ғажайыптарының бірі – Ботаникалық бақ. Осы көрікті жерге күз айының ортасы, қазан айының жиырма сегізін күні «Өлкетану» және «Атамұра» үйірмелерінің жетекшілерінің ұйымдастыруымен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының шетелден келген қазақ диаспора топтарының кураторлары мен тыңдаушылары бірге келді.

Ботаника және фитоинтродукция институтының құрамындағы ғылыми-зерттеу мекемесі 1932 жылы Алматы қаласында құрылған. 1967 жылға дейін КСРО ҒА Қазақ филиалының республикалық ботаника бағы деп аталды. 1967-1994 жылдары өз алдына дербес ғылыми-зерттеу мекемесі құқығында болды, 1995 жылдан Ботаника және фитоинтродукция институтының құрамына енді. Жерінің аумағы 104 га. Іле Алатауының бөктерінде, теңіз деңгейінен 850-940 м биіктікте, Есентай және Үлкен Алматы өзендерінің аралығында орналасқан. Бас ботаникалық бақта жергілікті және басқа жерлерден әкелінген өсімдіктердің 5,5 мыңдай түрлері мен сорттары (оның 100-ге жуық түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген) бар. Олар ботаникалық-географиялық, жүйелілік, ландшафтылық тұрғысынан, сондай-ақ, пайдалы қасиеттері негізінде топтастырылған. Бақтағы аса бағалы, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктердің жиынтығы еліміздің ұлттық байлығы болып саналады. Еліміздің және дүниежүзінің өсімдік әлемінің аса бай қазына-қоры осында сақталып келеді.

Ертеден қазірге дейін өз құндылығын жоғалтпаған әдемі бақтың бүгінгі жаңарған бейнесін, тыңдаушылар аса қызығушылықпен, ұзақ жүріп аралап тамашалады, бақтан рақат алып, бой сергітті.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті**

**Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары
Қ.С.Аширбекова, Г.Жұмаділ, С.А. Нусупбаева**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КЕШЕНІ

Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> іргетасы 1934 ж. қаланды. Еліміз егемендік алған соң 1993 жылдың 9 қаңтарынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті деп аталды.

Университетте түрлі саладағы факультеттер жұмыс істейді.

Шығыстану факультетінде арабтану, түркология және корейтану ғылыми-зерттеу орталықтары, үндітану, қытайтану, ирантану, жапонтану ресурстық-ақпараттық орталықтары бар және түрлі шет тілдері бойынша студенттер білім алады.

Қытайтану кафедрасына «шығыстану», «аймақтану», «аударма ісі», «қытай филологиясы» бойынша білім беріледі.

Шығыстанушы (қытайтанушы) шығыстың тілін, сонымен қоса бірнеше батыс тілдерін, ауызша және жазбаша аударма дағдысын игеріп, оқыған аймақтың әдебиетін, мәдениетін меңгеріп шығады.

Аймақтану мамандығында қытай тілін еркін меңгере отырып, Қытайдың саясатын, тарихын, экономикасын, географиясын мен мәдениетін қамтып, осы бағытта біліммен сусындайды. Еліміздегі «студенттердің алмасу» бағдарламасы бойынша Қытайдың университетінде бір жылдық тілдік ұзартуға барып, ауызекі тілін дамытып, білімін шыңдап қайтады.

Аударма ісі (қытай тілі) мамандығы ауызша және жазбаша аударманы жан-жақты меңгеруге бағытталған. Студенттер аудару әдістерінің талаптарын да үйренеді. Бұл мамандық бойынша да студенттер «студенттердің алмасу» бағдарламасы аясында Қытайдың университетінде тілдік тәжірибеден өтетін мүмкіндігі бар.

Шетел филологиясы (қытай тілі) мамандарды халықаралық деңгейде дайындауға бағытталған. Студенттер екі шетел тілін меңгереді. Олар маман ретінде әлеуметтік өмірдің әр саласында еңбек ете алады.

Қытайтану кафедрасы білімді терең меңгерген, қытай тілін, мәдениетін, тарихын оқытуда жоғары білімді қытайтанушы маманын дайындайды.

Университетіміздің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде оқитын ҚХР-нан келген қандастарымызбен шығыстану факультетінің студенттері аға буын ретінде достық қарым-қатынас жасайды, айта кетсек: факультетпен таныстыру, қаламыздағы мұражайларға сапар, түрлі тақырыптағы дөңгелек үстелдер өткізу, табиғатқа сапар, т.б.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
аға оқытушылары Қалиолла А., Үсенбекова А.Е.**


МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – ҚАЗҰУ

Мәдениеті жоғары, білімі терең, заман ағымына сай қарыштап қадам жасай білетін жастар – мемлекеттің құнды капиталы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан мемлекетінің алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы. 1934 жылы негізі қаланған бұл университет қазіргі таңда 180 сала бойынша мамандар даярлайды.

Университеттегі 16 факультеттің бірі – жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті білім ордасы тарихының бір бөлігі болып табылады. 1985 жылы негізін салған шетелдіктерге арналған дайындық факультеті 2011 жылы қайта жаңартылды. Алыс-жақын шетелдерден келген қазақ диаспорасының өкілдері, жоғары оқу орындары аралық ауысымымен келіп оқитын шетелдік студенттер, халықаралық ұйымдар, елшіліктердің және компаниялардың тыңдаушылары білім алып шығатын бұл факультеттің атқаратын жүгі салмақты. Себебі, АҚШ, Жапония, Ауғанстан, Оңтүстік Корея, Монғолия, Испания, Түркия, Қытай, Иран және т.б. елдерінен келген тыңдаушылар Қазақстанмен, ҚазҰУ-мен таныстығын осы жерден бастайды. Шет елдік азаматтарды университеттің барлық жетістіктерімен таныстыру жолында факультеттің оқытушылар құрамы тынымсыз еңбек етеді. Жылда ауғанстандық тыңдаушыларға дәстүрлі түрде «Менің университетім» тақырыбында университетпен таныстыру іс-шарасы өткізіледі. Биыл да ауғанстандық тыңдаушылар мен эдвайзерлерінің қатысуымен 2021 жылдың 21 қазан күні «Менің таңдауым – ҚазҰУ!» атты онлайн ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: ауғанстандық азаматтарға өздері білім алып жатқан университеттің тарихымен таныстыру; университет қабырғасынан белгілі болған ғалымдардың еңбегімен, өмірін насихаттау; жалпы университеттегі мамандықтар мен факультетер жайында слайдтар арқылы мәлімет беріп әлемдегі үздік университеттердің бірі екендігін ұғындыру.

Тыңдаушыларды таңдаған мамандықтарына сәйкес факультеттермен, олардың түрлі зертханалары, құрылғылары, мұражайлары, әл-Фараби кітапханасымен таныстырылды. Мұндай іс-шаралардан кейін үміткерлердің көпшілігінің «көкірек көздері» ашылып, университетке деген таңдауларына қуанып жатады. Ал біз, әрбір жас өзінің қабілеті, бейімі, қызығушылығына қарай мамандықты таңдап, өмірден өз орнын тапқанына қуанамыз.

**ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
аға оқытушысы: Тилеужанова Г.Т.**



ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ!

Биылғы жылдың еліміздің тарихындағы, халқымыздың тағдырындағы алатын орны ерекше. Биыл біздің мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне 30 жыл. Тәуелсіздік – бабаларымыз аңсап кеткен аса қадірлі кезең. Бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр. Егемендікке қол жеткізгенімізге азғана уақыт болса да біршама ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетіп отырмыз. Ащы термен, тасқа қашалған таңбамен, топыраққа сіңген қанмен келген ұлы жеңісімізді қадірлей білуіміз керек.

1465 жылы Қазақ хандығының ең алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтерген болатын <https://www.kaznu.kz>. Бұл оқиға қазақ халқының тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Ол ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық аумағын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарды. Ата-бабаларымыз бірлік, ынтымақтық, тұтастықтың «ұлы үлгісін» көрсетті. Біз осы ата-бабаларымыздың жеріміз үшін қасық қаны қалғанша күрескен ерліктерін жастарымызға насихаттап отыруымыз қажет. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушылары түрлі іс-шаралар атқара отырып жастарымызға тәуелсіздігімізді насихаттайды. Бүгінгі таңда пандемияға қарамастан онлайн түрінде де егемендігімізді дәріптейтін тарбиелік сағаттар өткізілуде. Жастарымыздың патриоттық рухын көтеріп, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру әрбір оқытушының алға қойған мақсаттарының бірі. Тәуелсіздік – бабалар аманаты, оны қастерлеу біздің міндетіміз!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары С.А.Нусупбаева, М.Н.Ибрагимова, Г.М.Мужигова**

ІШКІ ӘЛЕМНІҢ ЖАҢАРУЫ

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық- саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашанда, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Ержан М., Султанбекова Б., Таукенова А.